

**«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық би театры»
РМҚК-ның 2024 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық анықтама**

Алматы қ.

«23» сәуір 2025 ж.

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық би театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік академиялық би театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-Театр), Алматы қаласы, Радостовец, 42 көшесі.

Ішкі талдау жүргізу негізі: Театр директорының міндетін уақытша атқарушының 2025 жылғы 19 наурыздағы №26-н/қ бұйрығы.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 19 наурыздан 21 сәуірге дейін.

Театр қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Театр қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Театрдың ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Театрдың қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында Театрдың құрылымдылық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

2. Театрдың ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Персоналды басқару қызметі бойынша:

Қызметкерлердің еңбек шарттарын, қосымша келісімдерін тіркеу және еңбек шарттарын бұзу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Электрондық еңбек биржасы» www.enbek.kz порталында жүзеге асырылады.

Бос жұмыс орын туралы хабарландыру www.enbek.kz электрондық порталында уақтылы жарияланып отырады және министрлікке ай сайын жолданады.

Жарғыға, Театрдың ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес – Тәртіптік комиссия, Келісім комиссиясы, қызметкерлердің өтілін анықтау жөніндегі Комиссия, Көркемдік кеңес, Негізгі құралдарға жататын мемлекеттік мүлікті есептен шығару жөніндегі комиссиялар бекітілген.

Есепті кезеңдегі Театрдың құрылым бойынша штат саны-127 бірлікті, нақты саны 126 адамды құрайды (6 бос орын және 4 қызметкер бала күтімі бойынша демалыста), оның ішінде әкімшілік-басқару персоналы -18, әртістік персонал – 72, техникалық персонал – 36, оның ішінде: 1) әйелдер -65 адам; 2) ерлер – 61 адам.

Білімі бойынша қызметкерлер құрамы:

- 1) Жоғарғы білімді – 44 қызметкер;
- 2) Магистратура – 3 қызметкер;
- 3) Орта арнаулы – 65 қызметкер;
- 4) Орта білім – 17 қызметкер.

2024 жылы 32 адам жұмысқа қабылданды; жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны-32 адам (қызметкердің бастамасы), оның ішінде 7 адам зейнет жасындағылар, 1 келісім шарт мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан босатылған. Теріс немесе тәртіптік себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер анықталмады.

Талдау мерзімі кезеңінде:

- www.enbek.kz сайтында жалақы мен біліктілік талаптары көрсетілген 5 бос жұмыс орны жарияланды, олардың ішінде 2 бос жұмыс орны жабылды;

-Театр қызметкерлерінің қызметтік міндеттері туралы ережесінде нұсқаулықта қарастырылған өз міндеттерін орындамағаны үшін-қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне, материалдық зиян келтіргені үшін-қолданыстағы ҚР заңнамаларына сәйкес сонымен қатар әкімшілік, қылмыстық және ҚР азаматтық заңнамасында белгіленген шекте – оның қызметі барысында құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы туралы көрсетілген;

-Театр қызметкерлер мен өзге де азаматтардың шағымдары тіркелмеген;

- Театрда Е-Өтініш интернет-ресурсы арқылы өтініштерге мониторинг жүргізілді, кәсіпорын басшылығына азаматтардан өтініштер түспеген;

- Театр қызметкерлері тәртіптік жазаға тартылмаған;

Персоналды басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі - анықталған жоқ;

2) конкурстық іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау - анықталған жоқ;

3) конкурстық іріктеуді ресми жүргізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау - анықталған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша:

Театрдың 2024 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілген.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары Театр директорының м.а. 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №25-Ө бұйрығымен бекітілген және www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған.

2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алу көлемі бастапқыда 36367434,78 мың теңге сомасында 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 23-Ө бұйрығымен бекітілді, ал 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №25-Ө бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, жоспар бойынша мемлекеттік сатып алу сомасы 42465997,85 мың теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу электрондық нысанда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Жеткізушімен кез келген байланыс жоқ. Бұл ретте шарттар жасасудың электрондық форматы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сатып алу және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтау туралы толық және сенімді ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Театрдың мемлекеттік сатып алу жоспары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталында белгіленген мерзімде орналастырылған;
- техникалық шарттарда нақты жеткізушіні анықтайтын сипаттамалар жоқ;
- мемлекеттік аудит органдарының камералдық тексеру нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе жою фактісі жоқ;
- тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді жеткізушілердің міндеттемелері шарттардың талаптарына сәйкес, тиімді және уақтылы орындалған;
- қажетті сатып алуды айқындау мемлекеттік сатып алу менеджеріне қаржы жылының соңында құрылымдық бөлімшелер беретін өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

2024 жылы жалпы сомасы 42465997,85 мың теңгеге қосымша келісімдерді қосқанда 156 шарт жасалды:

- баға ұсыныстарын сұрату жолымен – 112 шарт;
- тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен – 17 шарт;
- сәтсіз өткен сатып алулар бойынша үшін бір көзден – 24 шарт;
- негіздемелік келісімді пайдалану арқылы екінші кезеңі – 3 шарт;
- ашық байқау – 0.

Талдау мерзімі кезеңінде 3 келісім-шарт екі жақты бұзылды:

- Театрдың 2024 жылға арналған концерттік-гастрольдік қызметінің бекітілген жоспары 10-20 сәуір аралығында Ақтау, Ақтөбе, Атырау қалаларында өтетін іссапарлары Ақтөбе мен Атырау облыстарында су

тасқыны туындауына және төтенше жағдай режимінің жариялануына байланысты (2024 жылғы 08 сәуірдегі №65-ж-қ бұйрығы).

НҚА-да, бизнес-процестерде мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша:

Театрдың қаржы ресурстарын игеру және бөлу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің белгіленген талаптарына сәйкес және уәкілетті орган бекіткен шығындар сметасына, тарифтерге және штаттық кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Бухгалтерлік есепті жүргізу үшін «Параграф» және «1С Бухгалтерия» (8.3 нұсқасы) ақпараттық жүйесі қолданылады.

2024 жылғы есептер белгіленген мерзімде уақтылы тапсырылған. Мемлекеттік органдардан есептерді алу туралы хабарламалар бар.

Салық заңнамасын сақтау үшін салық органдарына есептілікті ұсынудың қолданыстағы мерзімдеріне сәйкес қажетті ақпарат ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын тапсырылады.

Салық есептілігі салық төлеушінің кабинетінде <https://cabinet.salyk.kz> 100.00, 200.00, 701.00, 701.1, 851.00, 870.00 нысандар бойынша тапсырылады, бұл талдау объектісі өкілдерінің және салықтар мен өзге де төлемдегі төлеушілердің жеке байланысына жол бермейді.

Театрдың 2024 жылға салық берешегі жоқ.

Талдау мерзімі кезеңінде мемлекеттік бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану, иемденіп алу немесе талан-таржаға салу фактілері анықталмады.

Маркетинг және сату бөлімінің қызметі бойынша:

2024 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша жарнама және маркетинг бөлімінің көрсеткіштері:

Концерттер саны – 35, оның ішінде қайырымдылық концерттер - 6;

Көрермендер саны – 12903 адам, оның ішінде қайырымдылық концерт көрермендер саны - 380 адам;

Ticketon.kz билеттерді сатудың онлайн автоматтандырылған жүйесінен түскен сома 32 019 300 теңге;

Залдардың орташа толуы – 65%;

Талдау барысында маркетинг және сату бөлімінің қызметі бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

ҰСЫНЫСТАР:

- Театр бөлімше басшыларына, қызметкерлеріне семинарлар өткізу арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты іс-шараларын жалғастыру;

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша ұсыныстардың орындалуын қамтамасыз ету;

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері

Театрдың ресми сайтында орналастырылсын.

Қосымшалар:


-1-қосымша - Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі;

- 2 –қосымша – Тәуекелдер картасы.

Жұмыс тобы:

Жұмыс тобының басшы:


1. Толмачева Елена Сесеновна – директордың м.а.



Жұмыс тобының мүшелері:

1. Джумагулова Фатима Габдувалиевна – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс-офицердің функцияларын атқарушы

2. Байкабилова Татьяна Юрьевна – заңгер



3. Варол Диляра Жанайдаровна – маркетинг және сату бөлімінің басшысы



4. Мухадилов Марат Еренсизович – бас инженер

